

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



«Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «ЗАМАНАУИ  
ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ» тақырыбындағы  
халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының  
ЖИНАҒЫ

22-сәуір, 2022 ж.

СБОРНИК

материалов Международной научно-практической конференции  
посвященной 60-летию кафедры «Педагогика» на тему: «СОВРЕМЕННОЕ  
ОБЩЕСТВО И ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ»

22-апреля, 2022 г.

COLLECTION

of materials International scientific and practical conference dedicated to the 60th  
anniversary of the department «Pedagogy» on the topic: «MODERN SOCIETY AND  
PEDAGOGICAL EDUCATION»

22-April, 2022 y.



Нұр-Сұлтан, 2022

**ӘОЖ 37.0**

**КБЖ 74.00**

**II 23**

**Редакция алқасы:**

**Д.Қамзабек** - фил.ғ.д., профессор, Басқарма мүшесі - әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор, **Б.Ж.Сомжүрек** - «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы, **М.П.Асылбекова** - «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор м.а.; **Р.К.Төлеубекова** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Қ.Шалғынбаева** - п.ғ.д., профессор; **Г.Қ.Длиббетова** -п.ғ.д., профессор; **Б.П.Сейтқазы** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Т.Атемова** - п.ғ.д., профессор; **Г.К.Шолпанқұлова** - п.ғ.к., профессор м.а., **Г.Т.Уразбаева** -п.ғ.д., профессор м.а.; **С.С.Байсарина** -п.ғ.к., доцент; **Байменова Б.С.** - п.ғ.к., доцент; **Ботабаева Ә.Е.** - п.ғ.к., доцент; **Т.С.Сламбекова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Н.П.Албытова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Балтабаева Ж.Б.** - магистр.

ISBN 978-601-337-659-2

Жинақта Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «**ЗАМАНАУИ ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ**» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының Пленарлық мәжілісінде және «Білім беру мегатрендтері және олардың педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуға әсері», «Қазақстандық педагогика болашақтың педагогтарын даярлаудың негізі ретінде», «Педагогикалық іс-әрекеттегі коллаборация бірыңғай білім беру кеңістігін дамыту ресурсы ретінде» деп аталатын секция жұмыстары бойынша тыңдалған баяндамалар қамтылды. -821бет.

ОӘЖ 37.0  
КБЖ 74.00

ISBN978-601-337-659-2

## АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ТӘЛІМ- ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Толубекова Рымшаш Камешевна**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

П.ғ.д., профессор

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

[toleubekova@mail.ru](mailto:toleubekova@mail.ru)

**Аннотация.** Проблема воспитания неразрывно связана с культурой, литературой, искусством, историей, развитием человеческого общества. Воспитание - одно из самых сложных проблем, постоянно волнующих человечество. Наследие Абая, которое мы пытаемся исследовать, помогло человеку полностью решить различные возможности целостного компонента воспитания.

**Ключевые слова:** образование, культура, воспитание, нравственность, мировоззрение.

**Abstract.** The problem of education is inextricably linked with culture, literature, art, history, and the development of human society. Education is one of the most difficult problems that constantly concern humanity. The legacy of Abai, which we are trying to explore, helped a person to fully solve the various possibilities of a holistic component of education.

**Key words:** education, culture, education, morality, worldview

Тәрбие мәселесі адамзат қоғамының тарихымен, дамуымен байланысты әр дәуірдің өзі тудырған мәдениет, әдебиет, өнермен тығыз байланысты. Тәрбие – адамзатты үнемі толғандырып келе жатқан күрделі мәселенің бірі. Біз зерттеуге тиек етіп отырған Абай мұрасы адамды толықтай тұтас қарудың әр түрлі мүмкіндіктерінің шешуге көмектесті.

Адамның маңызды бір мүмкіндігі – өзі мен айналадағы дүниені өзгертуге бейімділігінде. Осы негізде Абай адамды тәрбиелеудегі қоғамдық ортаның рөлінің ерекшелігін саралап көрсете білген. «Адам баласын заман өсіреді, кімде – кім жаман болса, оның өзінің замандастарының бәрі виноват» - деп, тәрбиенің рөлінде өскен ортаға мән беріп, ақын әркімнің өзін-өзі жүйелі түрде тәрбиелеп отыру керектігіне айрықша көңіл бөледі. Он бесінші қара сөзінде Абай осы ойды былайша толғайды: «Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өміріңді қалай өткіздің екен, не білімге, не дүниеге жарамды күніңді өзің өкінбестей қылықпен өткізіпсің. Жоқ болмаса не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыпсың?» - деп автор әркімнің өзін өзгелердің көзімен қарап, істеген ісіне талдау жасауға, өзінің іс қимылына, өзіне өзі баға беруге, өзін өзі тексеруден өткізуге үндейді[1].

Абай жастарға:

«Керек іс бозбалаға – талаптылық,

Әр түрлі өнер, мінез, жақсы қылық», немесе:

«Пайда ойлама, ар ойла,

Талап қыл артық білуге», деп бойында адамгершілік қасиет сапаларды тәрбиелеу керектіне мән беріп, кісілік келбеттің бет бейнесі адамгершілік екенін дәріптейді. Сонымен қатар, ол өз шығармаларында қазақ халқын басқа мәдениеті, білімі дамыған елдер қатарында болуды және өз этносының тар аясынан шығып:

«Жастықтың оты, қайдасың,

Жүректі түртіп қозғамай?

Ғылымның біліп пайдасын,

Дүниенің көркін болжамай?», деп жастарды әлемдік деңгейге білім, ғылым арқылы дүниетанымы мен адамгершілік мәдениетін дамытарлық білім қажет екендігін түсіндіреді.

Осы ретте ол адамның бітім-болмысына өнер керектігін, өнер ермек емес, елге қызмет етер адамның мінезін түзер құралы деп өнер мен өмірді биіктете пайымдаған.

Абай Құнанбайұлының шығармаларындағы тәрбие кімдерге керек? – деген салиқалы сұрақ қойсақ, оған жауапты іздемей-ақ берер едік? Абай тағылымындағы тәрбие барлық адам баласына ұдайы қажеттілік деп жауап беруге болады.

Әлеуметтік – экономикалық және саяси өзгерістердің болуы әлемдік және аймақтық этникалық ерекшеліктердің өздігінен өркендеуіне кедергі келтіріп, кей тұстағы жағымсыз тәрбие басымдыққа ие болып келуі де жиі кездесетін фактор. Мұның өзі тәрбие мәселесін шешудегі ғылым парадигмасының алдына өткір көкейкесті мәселенің қойылуына әкеледі. Соңғы жылдары масылдық, қатыгездік, әлеуметтік дағдарыс, нашақорлық, шыдамсыздық, тойымсыздық, қанағатсыздық, ашушаңдық және тағы басқа көлеңкелі мінез-құлықтағы адамдарды кездестіру қиындық келтірмейді. Мұның өзі кейінгі кезде қоғамдағы бәсекелестіктің қатал заңдылығына төтеп берерлік ақыл жігер, қайрат, көңіл көзі, жүрек әмірі және т.б. жеткіліксіздігі[2].

Абай Құнанбайұлының шығармаларындағы тәлім-тәрбие мәселелерінің білім мазмұны арқылы дүниетанымының да салдары жоқ емес.

Бүгінгі және болашақ жастардың көшбасылық қасиеттерін өркендетудің бірден-бір тәсілдері ойлау қабілетінің кез-келген ситуацияны шешерліктей:

- 1) өзгерілімдігі;
- 2) білім мазмұнынан қорланған рухани қуат-күш;
- 3) өзінің істеген харекетіне ұдайы сыни бағаммен қарауы;
- 4) алдын-ала болатын ситуацияны көңіл көзімен көруі;
- 5) қандай қиындық кездессе де оған төзетін шыдамдылығы;
- 6) жалпы адамзат құндылығына сәйкес келер кісілігі; азаматтығы;
- 7) басқа адамдармен қызмет атқарудағы қауымдық бейімі;
- 8) өзінің кәсібіне орай іскерлігі;
- 9) басқа адамдардан айрықша, стандартты емес ойы, онысынан шығаратын креативтік шешімі;
- 10) сұхбатқа түскендегі коммуникативтік шеберлігі;
- 11) өзіне қажеттісін таңдай алатын сараптамалық пайымы;
- 12) ұлттық сана сезімнің ұлт намысын қорғауға қызмет етуі.

Жоғарғыдағы он екі қазіргі және болашақтағы жасампазды көшбасылыққа тәрбиелеудің тәсілдерін Абай Құнанбайұлы шығармаларынан бейнелесек, онда осы көшбасылық қасиетке бағдар жасау және оның барлық сыры мен мүмкіндігі, құрылымы мен жүйесі, заңдылықтары мен қағидалары анықталатыны сөзсіз.

Әр адам өмірге келгенде не үшін келгеніне жауап іздейді. Абай Құнанбайұлы диалектикалық мәселені зерделеп, өзінің бойындағы іс-әрекетінің дұрысы мен бұрысын білуінің бірталай кеселді, масылдық психологиядан арылтатынына ақыл-кеңес береді.

«Білім мен тәрбие егіз» десек те, бұл орайда, талай ғасырларды артқа тастаған гауһар тәрбие – тәлімнің жұрнағы да қалмай, жаттан жұғысты болған, сұрқиялыққа қарым-қатынастар, қоғамдағы бей-берекет бәтуасы жоқ арам еңбектің «жемісіне» мәз болып, өз-өздерін алдаумен жұбатып жүрген жұрттың болашағы не болады? –деген стратегиялық сұрақты Абай Құнанбайұлы заман келбетіндегі құбылыстардан алып отырғаны белгілі. Тәрбиеде рухының биік болуы – жағымды мінез-құлықтардың жүйесіне тәуелді[3].

Сондықтан Абай Құнанбайұлының өмір сүрген ортасындағы жұрттың психикалық, физиологиялық, әлеуметтік, рухани құндылықтарының үзіліп қалуының салдары, сабақтастық қағидамен дарыған саралап, даралап ізгілікті ұстанымды; басқа адамдармен қарым-қатынасқа түскенде өте мәдениетті, жұрттың шамына тиетін қатты, өрескел сөздерді қолданбауы; ашуды тізгіндеп, сабырмен өзіңді ұстауы, өзініңбасыңқы тұстарыңды біліп, бөтенніңайтқан сынының дұрыс еместігін аңғаруы; қорғанысты іштей қалап отыру (интериоризация), табиғаттан рухтанып, жағымды қуат дарыту, қоршаған ортаның ізгілікті, жақсы, өнімді деген жерлерінен үлгі алуы сияқты ізгі әдеттерді ығыстырған.

Сенсорлы арнаны тәрбиесі озақ адамдардың қолжеткен табыстарының сырын айқындауға, олардың даналық еңбектерінен өздігімен білім алуға; рухани құндылықтың заттық құндылықтарға ауысуына кісілік, толымдылық, кемелдік иерархиямен өзінді алға ілгерлетуінді есеппен саралау секілді алдымен адам мәртебесіне ие боларлық үлгі-харекеттен қол үзгенімізді Дана Абай күйінішпен, өкінішпен айтып, оны түзетуге, тәрбиенің алғашқы нұсқасына келтіруге күш жұмсаған.

Бірінші мәселе Абай Құнанбайұлының шығармашылығындағы тәрбие тәлімі өзінің адал еңбегіне қатысты тұлғалық болмысындағы көкейкесті мәселелерін анықтап, сана-сезімнің, адамгершілігінің өркендеп отыруына бақылау жасау үдерісін іске қосуды ұсынып отырғаны байқалады. Бұндай ұсыныс бүгінгі тәрбие тағылымына да қажетті:

«Мен және менің болашақтағы харекетім»;

«Мен және болашақтағы отбасым»;

«Мен және менің болашақтағы кәсібім» секілді бағдар жасау әрбір жас адамның өмірін стихиялы емес, түзу құра алуына түрткі жасары сөзсіз.

Әр адам жаман тәрбие көрінісін басқа біреуден көрсе, ондай өз бойында бар ма? Жоқ па? – деп сараптау сұрағын өз-өзіне қоя алатын адам тәрбиенің жағымсыз тұстарынан құтылып отыруы, немесе оны өз әдетіне айналдырмауына қам жасайды деп түсінуі.

Екінші мәселе – тәрбиенің құндылығының, оның сол адамға бақыт пен құт шақырар деген ізгілікті жан бейнесінің жүйесін айқындау, оған жеке мінездемелер жасау, өзінің мәртебесін арттыру сияқты міндеттерді нұсқалы тұрғыда қоя білгенде, оны бекітіп, іске асыру үдерісінде қолайлы және қолайлы емес тұстарына аналитикалық бағамдау арқылы нәтижеге қол жеткізуі.

Үшінші мәселе – әрбір индивид өзінің ерік-жігерін, күш-қуатын өздігінен басқара алатын жеке жауапкершілігінің болуы оны өзінің еңбегін табысты ету жолындағы тәрбиелілігін, оның деңгейін анықтай алуы.

Төртінші мәселе- өзіне үлгі – өнеге болар тәжірибені тағылымдық негізде тиімді қолдануы. Абай Құнанбайұлы шығармаларында арқылы тәрбие түрлеріне көңіл болып, ізгілікті ұстанымда өз-өзін мәжбірлеу басында қиындық келтіргенімен, артынан адам оған жаттығып, өте аз уақыт шығынында оны автоматты тұрғыда орындауға мүмкіндіктің болуы айқындалған.

Білім мен ғылым тәрбиесіз меңгерілсе, одан адамның өзіне де өзгеге де пайда келтірмейтінін дәйектілікпен келтірген.

Қарап отырсақ, барлық шығармаларында үштікпен, «білім-ғылым - тәрбие» бір-бірімен ғылымаралық байланыста келгендіктен, біздерге оларды жеке бөліп көрсетуге қындық туғызылғанымен, даралап, саралауға мән бердік.

### Әдебиеттер

1. Қ.Мұхамедханов. Абайдың шығармашылығына түсініктеме. Алматы-2009ж.35б.
2. М.Мырзахметұлы. Абайтану. - Астана-2014ж.71б.
3. Т.Жұртбай. Күйесің, жүрек. Сүйесің. - Алматы-2011ж.58б.